



Д.А. Мадиев<sup>1</sup>, А.А. Арзыкулов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,  
Алматы, Қазақстан  
(E-mail: amanzhan.arzykulov@gmail.com)\**

### **Сунь Цзы тағылымы және «Соғыс өнерінің» қазіргі қытайдың қауіпсіздік саласындағы маңызы**

Біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда өмір сүрген қытай ойшылы, әскери қолбасшы Сунь Цзының «Соғыс өнері» трактаты соғыс жүргізудің әдіс-айласын жан-жақты жетілдірген, заманауи әлемдік мәдениетте ерекше орны бар, әскери басшылыққа өте тиімді кеңестер қамтылған ең өзекті нұсқаулықтар жиынтығы болып табылады. Ұсынылған мақалада Сунь Цзы ілімінің тарихи маңызына баға беріледі, әрі ғұлама ойшылдың жасаған тұжырымдарының қазіргі заманғы әскери қимыл-әрекеттерде, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және қоғамдағы қарым-қатынас үдерісінде пайдалану мүмкіншілігіне талдау жасалады.

*Кілт сөздер:* әскери өнер, тактика, стратегия, соғыста өз «пайдасына» қол жеткізу, әскери саладағы басшылық, қолбасшыға қойылатын талаптар.

#### *Kipicne*

Әскери өнердің «тәжі» деп есептелетін «Соғыс өнері» трактаты біздің заманымызға дейінгі 512 жылы Қытай тарихында Чуньцю деген атпен белгілі тарихи кезеңдегі У патшалығында жарық көрген деп есептеледі. Бұл әлемде мойындалған әскери теория бойынша жазылған ең көне жұмыстардың бірі. Авторы – Сунь Цзы. Ол Чи патшалығына қарасты Лянь қаласында (қазіргі Шаньдун провинциясы аумағында) дүниеге келген, кейінгі жылдары У патшалығында әскери қызметте болған атақты қолбасшысы, әскери стратег. Әскери сала мамандары мен зерттеушілер арасында әскери ғылымның негізін қалаушы ретінде танымалдылық пен үлкен құрметке ие тұлғалардың бірі [1].

Негізінен, Қытай қоғамында әскери-философиялық ой (соғыстың себептері, мәні және оны жүргізу жағдайлары туралы көзқарастар) өте ертеден-ақ қалыптаса бастаған. Сунь Цзының соғыс жүргізу тактикасы туралы идеялары б.з. XI ғасырына дейінгі әртүрлі тарихи кезеңдерде жазылған әскери теориялық трактаттарда тұжырымдалған. Бұл еңбектер соғыс өнерінің «Жеті кітабы» деген атпен танымал. Олардың қатарына «Лю Тао» (Тай-гунның алты құпия ілімі), «Сунь Цзы бинфа» (Сунь Цзының «Соғыс өнері»), «У-цзы», «Сыма фа» (Сыма ережелері), «Сан Люэ» (Хуан Ши-гунның үш стратегиясы), «Вэй Ляо-цзы» және «Таңдық Тай-цзун мен Ли Вэй-гунның диалогтары» атты трактаттарды жатқызуға болады. Дегенмен, аталған еңбектердің арасында Сунь Цзының «Соғыс өнері» туындаған кейбір



қайшылықтарға қарамастан, аталған саладағы әскери-философиялық ойдың негізін қалаушы ең алғаш жарық көрген еңбек деген пікір қалыптасқан [2].

2500 жылдан аса уақыт бұрын жазылып, бүгінгі күнге дейін жеткен Сунь Цзының «Соғыс өнері» әртүрлі көлемдегі он үш тараудан тұрады - олардың әрқайсысы белгілі бір тақырыпқа арналған. Қазіргі заманғы зерттеушілердің пайымдауынша, трактат басынан аяғына дейін ішкі логикалық байланыстылығы бар, сюжеттік дамуы органикалық тұтастық ретінде қарастыруға болатын, соғыс заңдылықтарын түсіндіретін ерекше ілім деп тануға болады.

### *Зерттеу әдістері*

«Соғыс өнерінің» қазіргі қытайдың қауіпсіздік саласындағы маңызын зерттеуде ретроспективті әдісі қолданылды. Яғни бұл әдістер тарихи зерттеуде зерттеушінің ой-пікірлер қозғалысы процесінің қазіргі кезеңнен өткенге қарай жүруін зерттейді. 13 бөлімнен тұратын тарихи жәдігердің мәнін ашуда мәтінге герменевтикалық талдау әдісі қолданылды. Қытайдың соғыс тактикасына арналған көне еңбекке компаративистикалық-жүйелік зерттеулер жүргізіліп, аксиологиялық тұрғыдан бағасы берілді.

### *Негізгі бөлім*

Бүгінде әлемде, жалпы Қытайдың соғыс тактикасына қатысты жазылған көне шығармаларына, оның ішінде «Сунь-цзы» трактатына деген қызығушылық ерекше арта түсті. Мұндай көне кітаптың күтпеген жерден ашылған өзектілігінің себебі неде? Әскери стратегия саласындағы мамандар үшін Сунь Цзы ең алдымен соғыстың табиғатын тұтас және өзінше жүйелі түрде қарастыруымен тартымды. Сонымен қатар, Сунь Цзы «Соғыс өнерінде» келтірген соғыс жүргізудің айла-тәсілдері, қолбасшының рөлі, стратегиялық шешімдер, шайқас орнын таңдау және тағы басқа ұрыс тактикасы туралы тұжырымдары тек ертедегі соғыс қимылдарын жүргізуде ғана емес, заманауи әскери қақтығыстарда да оң нәтижелерге қол жеткізуде өз маңызын еш жоғалтпаған деп айтуға болады.

Сунь Цзының негізгі қағидатының бірі – жауды дипломатиялық жолмен бағындыру. Яғни, соғыста әскери қимылдарды бастамай жатып жеңіске жету – идеалды жеңіс. Әр жолы мүмкіндігінше жауды дипломатиялық мәжбүрлеу, оның стратегиялық жоспарлары мен одақтастық келісімдерін бұзу арқылы жеңіске жетуге ұмтылу қажет. Үкімет әскери қақтығысқа тек жау басып алу қаупін төндіргенде немесе бағынудан бас тартқан жағдайда ғана баруы керек. Мұндай таңдаудың өзінде кез келген әскери жорықтың мақсаты аз шығынмен максималды нәтижеге қол жеткізу және келтірілген залал мен апатты мүмкіндігінше азайту болуы керек [3].

Соғыс қимылдарының алдын ала алмаған жағдайда, жаудың ізгі ниетіне немесе кездейсоқ жағдайларға үміт артып отыра бермей, қарсыласты жан-жақты зерттеу және қорғанысты күшейту арқылы жауды кездейсоқ шабуыл



жасау мүмкіндігінен айыру өте маңызды. Осыдан келіп билеушінің өз патшалығына, әсіресе соғыс уақытында дарынды әскери қолбасшыны таңдай білу қабілетіне қажетті талап туындайды [2, 7 б.].

«Соғыс өнері» трактатының «Соғыс жүргізу» деп аталатын тарауында келтірілген ойдың мазмұнына көңіл аударатын болсақ, Сунь Цзының ұзаққа созылған соғыс қимылдарын қолдамайтынын көруге болады. Мұндай соғыс елдің экономикалық жағдайына да, ішкі саяси қатынастарға да кері әсерін тигізеді деп есептейді. Оның айтуынша: «егер соғыс созылып кетсе, қару мұқалып, жүзі сынады, бекіністі ұзақ қоршауға алса, күш сарқылады, әскерді ұзақ уақыт сыртта ұстаса, мемлекеттің қаражаты таусылады». Мұндай жағдайда ел ішінде тұрақсыздық қаупі туындайды, жергілікті билеушілер патшаға қарсы бүлік ұйымдастыруы мүмкін. «Соғыстың созылуы ешқашан мемлекетке пайда әкелмеген, сондықтан соғыстың барлық зиянын толық түсінбеген адам, соғыстың пайдасын да толық түсіне алмайды» дейді Сунь Цзы [4].

Соғыстағы «пайда» Сунь Цзы үшін соғыстың мақсаты шын мәнінде әскери жеңіс емес; жеңіс мемлекеттің мүмкіндіктерін арттырудың, экономикалық, саяси, аумақтық тұрғыда белгілі прагматикалық нәтижелерге жетудің құралы ғана. Ол соғыстың мақсатын көрсету үшін пайда ұғымын қолданады. Сунь Цзы соғыстың кез келген кезеңінде, кез келген соғыс масштабында «пайда үшін» күресу керек деп есептейді. Сунь Цзы үшін «пайда тек мақсат емес, сонымен қатар құрал». Сондай-ақ, ол жаудың соғыстағы мақсатына, оның өз игілігін қамтамасыз етуге ұмтылуына назар аударады: «Жау да пайда үшін соғысады, оның да әрекеттерінің мақсаты – пайда». Сунь Цзы: «Егер солай болса, онда бұл мақсатты басқару арқылы оның әрекеттерін басқаруға болады. Бұл дегеніміз – оның мақсатын өзінің құралына айналдыра білуің керек». Дәл осыған сүйене отырып, Сунь Цзы өзінің жауды азғыру, еліктіру, оны өзінің қалауы бойынша әрекет жасауға мәжбүрлеу туралы ілімін қалыптастырады. Сунь Цзы жауға жалған ақпарат жеткізу қажеттілігіне назар аударады: «Оған қандай да бір уақытша немесе болмасыз пайдаға жетуге мүмкіндік бере отырып, өзіңе қажетті әрекетті жасауға мәжбүрлеуге болады» [5].

Тағы бір тарауда, «алдын ала есеп» жүргізу арқылы жеңіске жету мақсатына қатысты ойларымен бөліседі. Сунь Цзы соғысқа байыптылықпен қарап, эмоцияға беріліп шешім қабылдаудан аулақ болуға шақырды. Ол мемлекет үшін өте маңызды мәселеде барынша ұтымды болуды талап етеді. Оның айтуынша: «Билеуші ашуға еріп қару көтермеуі керек, қолбасшы өшпенділікке беріліп соғысқа кіріспеуі тиіс». Ол соғыстың мақсаттары мен міндеттерін прагматикалық тұжырымдаудың маңыздылығын қайта-қайта атап көрсетеді. Алайда бұл іс жүзінде өте қиын міндет екенін тарих дәлелдеуде. Тіпті ең ұтымды саяси және әскери шешімдердің өзі көбінесе белгілі бір эмоцияның жетегінде қабылданатыны белгілі. Сунь Цзы соғыс, болашақ шайқастар туралы мәселені алдын ала мұқият таразылап ойластыруға шақырады. Шайқас болмай тұрып «алдын ала есеп» жасап, жеңісті қамтамасыз етіп қою керек. Кімнің мұндай есебі болса, соның



жеңіске мүмкіндігі зор; кім «шайқасқа дейін есеп бойынша жеңіске жетпесе», оның соғыста жеңіске жету мүмкіндігі аз [6].

Сунь-цзы трактатының негізгі идеяларының бірі – соғыс және бейбітшілік мәселелерінде ең алдымен «жаудың жоспарын талқандау» керек. Сунь Цзы: «Ең жақсы соғыс... жаудың жоспарын талқандау» деп жазған. Сунь Цзының есебінше, қарсы жақтың жоспарын талқандағаннан кейін тұрған міндет, ол қарсыластың «одақтастарымен байланысын бұзу», тек үшінші кезекте ғана оның «әскерін талқандау». Жаудың одақтастарымен байланысын бұзу, оның жоспарын талқандау – ең алдымен мемлекет басшылығына жүктелетін міндет екені анық. Жаудың жоспарын бұзу үшін оны терең және жан-жақты зерттеп, оның қарулы күштерін ғана емес, сонымен бірге саяси жүйесін, стратегиялық басқару (басшылық) жүйесін, саяси жетекшілер арасында және әскери қолбасшылықтағы билік бөлінісін түсіне білу қажет. Жаудың менталитетін, оның ойлау логикасын түсіну керек. Жаудың ниетін болжау өте күрделі қиын міндет, көп жағынан жаудың әскери мүмкіндіктерін танудан да күрделірек. Жауды бағалаудағы қарапайымдылық, түрлі қайраткерлердің, саяси партиялардың, түрлі топтардың саяси-әскери және әскери-стратегиялық көзқарастарының, мүдделерінің айырмашылығын түсінбеу өте қауіпті [7].

Сунь Цзы трактатының басты идеяларының бірі – өзіңнің және қарсыласыңның шама-шарқын жақсы білу. Оның айтуынша, билеуші және қолбасшы жауын ғана емес, өзінің де күші мен мүмкіншіліктерін жақсы білуі қажет. «Егер өзіңді де, қарсыласыңды да жақсы білсең, жүз мәрте шайқаста да қауіп болмайды; егер өзіңді білсең, ал қарсыласыңды білмесең, онда бір жолы жеңсең, келесі жолы жеңілуің мүмкін; егер не өзіңді, не қарсыласыңды білмесең, онда кез келген шайқаста жеңіліске ұшырайсың». Өзін және жауын жақсы білу дегеніміз – екі жақтың қарулы күштеріндегі күшті және әлсіз жақтарын, экономикалық, ғылыми-техникалық базасын, саяси, дипломатиялық, ақпараттық және басқа да мүмкіндіктерінің ара-қатынасын байсалдылықпен нақты сараптай білу [4, 27 б.].

Автордың пікірінше, жауды жете бағаламаумен қатар, оның мүмкіншіліктерін асыра бағалаудың да қатері зор. Жауды түсінуде барлау үлкен рөл атқаратыны анық. Барлаудың мақсаты, жау туралы толық мәлімет жинау. Сунь Цзы: «кемеңгер билеушілер мен дана қолбасшылар тоқтамай алға басып жеңіске жеткен, ерлік көрсетіп басқалардан үнемі биік тұрған, өйткені олар бәрін алдын ала біліп отырған» – дейді.

Сунь Цзы «Соғыс өнері» трактатында өз мүмкіндіктері мен жалпы жағдайды терең талдап алмай тұрып қақтығыстан аулақ болу үшін өзін-өзі бақылауда ұстау қажеттігін жиі еске салып отырады. Әсіресе, мемлекеттік билік немесе әскери басшылық тарапынан шешім қабылданғанда асығыстыққа, үрей немесе қорқынышқа, сондай-ақ ашу мен өшпенділікке жол беруге болмайды. Әскер ешуақытта ойланбастан шайқасқа түспеуі немесе қажетсіз жиналмауы керек. Әскердің жеңісін қамтамасыз ету үшін барлық құралды пайдалану керек болса да, барынша ұстамдылық таныту қажет.



Сунь Цзы концепциясының негізінде жеңіл жеңіске жетуге мүмкіндіктер беретін басқару тактикасы жатыр. Бұл үшін ол жер рельефі түрлерінің классификациясы мен оларды пайдалану ережесін жасайды; жауды танудың, бақылаудың және әлсіретудің түрлі жолдарын алға тартады. Жауды пайдамен еліктіріп тұзаққа түсіруді, оны батылдықтан айырып шабуыл алдында барынша әлсіретуді ұсынады. Жеңісті қамтамасыз ететін тактикалық артықшылық сәтін жасау және пайдалану үшін әскер әрқашан, тіпті қорғаныста да белсенді болуы керек. Үлкен күштермен соқтығысудан аулақ болу – қорқақтық емес, даналықтың дәлелі, өйткені өзін құрбан ету ешқашан және еш жерде басымдықты білдірген емес.

Ерекше ұсынылған қағиданың бірі: «әскерді жау күтпеген жерге апару, дайын емес жерде шабуылдау». Бұл қағида барлық әрекеттердің құпиялылығының, әскердегі толық өзін-өзі бақылаудың және темірдей тәртіптің, сондай-ақ «кездейсоқтықтың» арқасында ғана жүзеге асады. Соғыс – алдаудың, жалған шабуылдардың, жалған ақпарат таратудың, айла мен қулықтың жолы. Мұндай айланы ақылмен ойлап тиімді қолданса, жау қайда шабуылдауды, қандай күштерді қолдануды білмей қалады, сөйтіп өлімге әкелетін қателіктерге ұшырайды.

Дұшпанға беймәлім болу үшін ол туралы ақпаратты барлық мүмкін әдістермен, соның ішінде тыңшыларды белсенді пайдалану арқылы іздеу және қол жеткізу керек. Негізгі қағида – ешқашан басқалардың ізгі ниетіне немесе кездейсоқ жағдайларға иек артпау, керісінше білім мен белсенді зерттеудің және қорғанысқа дайындықтың көмегімен қарсыластың тосын шабуылының мүмкіндігін жоққа шығару немесе қарапайым мәжбүрлеу арқылы жеңіске жету [8].

Трактаттың басынан аяғына дейін Сун Цзы командалық басқарудың ең маңызды мәселесін қайталай көтереді: тәртіпті, мойынсұнғыш әскерлерді басқаратын нақты ұйым құру. Маңызды элемент – бұл Ци деп аталатын рух – ең маңызды өмірлік энергия. Бұл компонент ерік пен мотивациямен байланысты, адамдар жақсы дайындалып, дұрыс тамақтанса, талапқа сай киім-кешекпен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілсе, олардың рухы көтерілсе, олар табанды күреске түседі. Алайда, егер физикалық немесе материалдық жағдайлар олардың рухын түсірсе; егер қолбасшылар мен бағыныштылар арасындағы қарым-қатынаста мәселе туындаса; егер қандай да бір себептермен адамдар ынтасын жоғалтса, әскер жеңіліске ұшырайды. Өз кезегінде, қолбасшы жағдайды толық бақылауында ұстауы керек, жаудың рухы өрлеп тұрғанда тікелей шайқастан бас тартып, керісінше жау әскері әлсіреп, шайқасуға ниеті болмаған кезде жауды жеңуге кез-келген мүмкіншілікті пайдалануы қажет. Ұзақ уақытқа созылған соғыс күштің сарқылуына әкелуі мүмкін, сондықтан нақты есептеулер – бұл бүкіл науқанның стратегиясын жедел жүзеге асыруға кепілдік берудің қажетті шарты. Марапаттау мен жазалау әскерлердің жағдайын бақылаудың негізі болып табылады, дегенмен әскердің соғысқа түсуге және аянбай шайқасуға ұмтылысын ынталандыру үшін барлық күш-жігерді жұмсау керек. Сондықтан, өсек-аяң, жағымсыз болжамдар секілді барлық кері әсердің



алдын алу қажет [6, 33 б.].

Сунь Цзы трактатының негізгі ұғымдары мен категорияларының мазмұнында ежелгі қытай философиясындағы дәстүрдің әсері байқалады, соның арқасында бұл трактат әскери стратегия шеңберінен шығып, мәні бойынша экономикалық, дипломатиялық басқарудың, саяси, мәдени және тарихи процестердің әмбебап стратегиясы болып табылады. Трактатта соғыс екі әскер арасындағы біртұтас шайқас ретіндегі тар мағынасында ғана емес, сонымен бірге кең мағынадағы күрес – дипломатиялық, саяси күрес ретінде қарастырылуы кездейсоқ емес.

Сунь Цзы трактатта жеңіске жетудің әдістерін жан-жақты талдайды. Жеңіске жетудің ең тиімді әдістеріне дұрыс шайқас пен дұрыс маневр жасай білуді жатқызады: «Армияны жаумен кездескенде жеңілмейтін ететін нәрсе – дұрыс шайқас пен маневр ... Демек, маневрді жақсы пайдаланған адамға аспан мен жердей, Хуанхэ мен Янцзы өзендеріндей шектеу жоқ» [9].

Сунь Цзы дұрыс шайқаспен бірге соғыстың нәтижесін анықтайтын әртүрлі маневр түрлерін ерекше қарастырады. Ол бұл маневрлердің мәнін жау күтпеген жерден пайда болуда, қол жетпес болып көрінетін жерлерге соққы беруде, шайқас алаңының ішінде ойға келмейтіндей жылдамдықпен жылжып отыруда, жауды өзінің ниеті, күштерінің саны, әлсіз және күшті тұстары, мақсаты және нақты әрекеттері туралы үнемі жаңылыстыруда көреді. Сунь Цзы дұрыс ұрыс стратегиясын әртүрлі маневрлердің тактикасымен тығыз байланыстырады. Өз кезегінде қолбасшы жаудың ниетін, оның әскерлерінің жай-күйін, көздеген іс-әрекеттері мен маневр түрлерін өте жақсы білуі керек.

Өте тәжірибелі, дарынды қолбасшы ретінде Сунь Цзы соғыс алаңында кездесетін қиындықтарды жеңіп шығудың бірнеше ережесін ұсынады. Ең алдымен, қолбасшы соғысқа дайындығы мықты әскер құруы және ол әскермен өзіне тиімді позицияны таңдап алуы қажет. Сондай-ақ, әскерді материалдық қамтамасыз ету үзіліссіз болып, әскерлердің алға жылжуы кезінде жеке құрамның шығыны болмас үшін әскер мен тыл арасында берік байланысты қамтамасыз ету қажет. Барлық жағдайда да әскерлердің орналасқан орны мен іс-әрекетінің ерекшеліктерін білу қажет. «Кім алдын ала тура және айналма жолды білсе, сол жеңеді. Бұл соғыста ұстанатын заң» [2, 17 б.].

Қытайлық философияның дәстүріне сәйкес Сунь Цзы басқарудың бірнеше түрін ұсынады: рухпен басқару, жүрекпен басқару, күшпен басқару, өзгеріс енгізе отырып басқару. Бұл басқару түрлері жалпы шайқасты басқару стратегиясын, тұтастай алғанда соғысты басқару стратегиясын құрайды. Егер осы ережелерді ұстанса, қолбасшы жиі жасалатын қателіктерге жол бермейді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы Сунь Цзының қытай философиясының дәстүрлерімен тығыз байланыста жазылған әскери трактаты, негізінен, әскери қимылдар аясынан әлдеқайда асып түсетін және мәні бойынша адамзат тарихында сәтті қолданылған, қазіргі уақытта кеңінен қолданылып жатқан және келешекте де қолданылатын жалпы саяси және ұлттық маңызы бар белгілі бір заңдар, нормалар мен ережелердің әмбебап



мәні бар жиынтығы екенін көрсетеді. Сунь Цзы трактатының мәңгілік маңызы осында.

Қазіргі Қытайдағы әскери стратегияны қарастыратын болсақ, оның негізі ежелгі дәуірде, соның ішінде біз қарастырған Сунь Цзы трактатында белгіленген дәстүрлермен қаланған. Қытай әрқашан өзінің әскери стратегиясын соғысты болдырмайтындай етіп құрып, мақсатына ең алдымен бейбіт жолмен жетуге тырысқан, себебі Сунь Цзы заманындағыдай қытайлықтар соғыс жүргізуден жаман ештеңе жоқ екеніне сенімді, өйткені соғыс мақсатқа жетудің ең тиімсіз жолы, онда сіз бірдеңені ұтып қана қоймай, керісінше барыңыздан айырылып қалуыңыз мүмкін. Олардың пікірінше нағыз жеңіске тікелей соғыс қимылдарынан бұрын қол жеткізіледі. Оған бейбіт жолмен – дипломатиялық, саяси және т.б. қол жеткізіледі.

Қазіргі Қытайдың әскери стратегиясының негізгі ережелері былай тұжырымдалған: «Бейбіт даму жолымен жүру – бұл шешім Қытай халқының мызғымас ерік-жігері мен стратегиялық саясатын көрсетеді. Қытай өзіндік тәуелсіз бейбіт сыртқы саясат пен қорғанысқа негізделген әскери саясатты ұстануда, басқа елдердің ішкі істеріне араласуға, оларға әскери экспансия жасауға қарсы. Қытай өзара сенім, өзара тиімділік, теңдік пен ынтымақтастыққа негізделген жаңа қауіпсіздік тұжырымдамасын жариялады және кешенді қауіпсіздікті, жалпыға ортақ қауіпсіздікті және серіктестік қауіпсіздігін орнатуға ұмтылады. Қытайдың халықаралық мәртебесіне сәйкес келетін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік пен даму мүдделерінің талаптарына жауап беретін күшті қорғаныс пен күшті армия құру – модернизация құру процесінде елдің алдында тұрған стратегиялық міндет, сонымен қатар, Қытайдың бейбіт дамуды жүзеге асыруының сенімді кепілі» [10].

Қытайдың қазіргі ұстанымындағы әскери стратегияның негізі – ХХ ғасырдың 30-шы жылдары коммунистік партия билігіне келген Мао Цзэдунның басшылығымен қалана бастады десе болады. Маоның заманауи әскери стратегия және соғыс тактикасы туралы еңбектерінен Сунь Цзы идеяларының ықпалы анық көрінеді. Маоның әскери мәселелерге арналған еңбектерінің ішінде «Қытайдағы революциялық соғыстың стратегиялық мәселелері» (1936 ж. желтоқсан), «Жапондықтарға қарсы партизандық соғыс стратегиясының сұрақтары» (1938 ж. мамыр), «Ұзаққа созылған соғыс туралы» (1938 ж. мамыр), «Соғыс және стратегия сұрақтары» (1938 ж. 6 қараша) секілді бірқатар мақалаларын атап өтуге болды. Оларда Мао Цзэдун Сунь Цзы туралы бірнеше рет еске алып, оның трактатынан мысалдар келтіреді. Мао Цзэдунның Сунь Цзы трактатын пайдалануы бұл еңбектің болашақта ҚХР азаматтық және әскери университеттерінің оқу бағдарламаларында көп жылдар бойы кеңінен пайдаланылуына ықпал етті. Қазіргі Қытайда саяси-әскери және әскери-стратегиялық ой-пікірлерінің дамуында Сунь Цзы, У-Цзы, Цао Цао және басқа да ертедегі теоретиктерден бастау алатын сабақтастық сақталған. Мао Цзэдунның әскери-теориялық мұрасы ҚХР-да әлі де жоғары бағаланады [6, 43 б.].

Маодан кейін Қытайдың жаңа заман тарихында елдің әскери әлеуетін арттыруда зор еңбек сіңірген дана көшбасшы Дэн Сяопин болды. Дэн бүкіл



тарихи революциялық, азамат соғысы кезінде Мао жариялаған және қалыптастырған негізгі ұғымдардан бас тартқан жоқ. Керісінше ол Мао және басқа да ардагер көшбасшылар тұрғызған үлкен ғимаратқа әлемнің тез өзгеретін шындығына негізделген өзінің прагматикалық даналығын таңуға тырысты. 80-ші жылдардың басында, Дэн заманауи қақтығыстарда әскердің тек сандық жағынан басымдығы қалаған мақсатқа жетуде аздық ететінін түсінді. Бұл жағдайға Қытай-Вьетнам қарулы қақтығысының нәтижесі үлкен сабақ болды. Осы мәселелердің барлығы Қытайдың экономикалық шындығымен бірге оны Қытай армиясының қалай басқарылатынына жаңа көзқараспен қарауға мәжбүр етті. 1982 жылдың қыркүйегінде өткен XII-ші партия съезі қандай да бір жолмен әскери салада бастапқы кезеңде болса да, өзгерістер процесін бастады. «Осындай жағдайда біз ешқашан сақтығымызды төмендетпей, экономиканы қарқынды дамыту арқылы ұлттық қорғанысымызды нығайтуымыз керек. Біз Халық азаттық армиясын тұрақты, заманауи және қуатты революциялық қарулы күшке айналдыру және оның заманауи соғыстағы қорғаныс қабілетін арттыру үшін аянбай еңбек етуіміз керек». Бұл бағдарламаны жүзеге асырудағы нақты қадам 1985 жылы 23 мамырда Пекинде өткен Партияның Орталық әскери кеңесінің кеңейтілген отырысында жасалды. Осыдан кейін Қытайдың халық азаттық армиясын заманауи талаптарға сай жасақтап жетілдіру мақсатында әскери реформалар қолға алынды [11].

Мао кезеңінде қалыптасқан стратегиялық бағыт Қытайдың бүгінгі таңда сыртқы саясатта рөлін арттыруда, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және саяси-экономикалық тәуелсіздігін қалыптастыруда өз жалғасын табуда. Қытайға тән ерекшеліктерге ие социалистік қоғам құру, заманауи талаптарға сай елдің жаңа әскери доктринасын қалыптастыру және соңғы жылдары әлсіреп кеткен коммунистік партияның рөлін қалпына келтіру 2012 жылы билікке келген Си Цзиньпиннің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Сол жылы қараша айында өткен ҚКП XVIII съезінде 2006 жылы ұсынылған ұлттық қорғанысты модернизациялау бағдарламасы қабылданды. Оның түпкі мақсаты – ядролық басымдыққа тиімді тойтарыс беруге, жекелеген аймақтарда орын алған заманауи жоғары технологиялық соғыстарда, сондай-ақ лаңкестікке қарсы операцияларда сәтті әрекет етуге қабілетті қарулы күштерді құру [12].

Аталмыш бағдарламаға сәйкес қорғанысты жаңғырту елді жаңғыртудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Бағдарлама бойынша жақын аралықта әскерлерді механикаландыруды аяқтап, оларды ақпараттандыруда ілгерілеушілікке қол жеткізу жоспарлануда. Қарулы күштерге шекара периметрі бойынша елдің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау ғана емес, теңізде, мұхитта, әуеде, ғарышта және электронды ақпараттық кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеті қойылған [13].

2022 жылы өткен ҚКП XX съезінде жасаған баяндамасында, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ел басшылығы мен партия билігінің алдында тұрған өзекті мәселелердің қатарында мемлекеттің қорғаныс саласына да ерекше көңіл бөлді. Қытайдың Ұлт-азаттық армиясының құрылғанына 100 толу





қарсаңында, әскерді ғылыми-технологиялық, инновациялық, кадрлық және материалдық тұрғыда толық қамтамасыз етілген, алдына қойылған кез-келген тапсырманы абыроймен орындап шығуға қабілетті және әлемдегі ең алдыңғы қатарлы әскерге айналдыруды тапсырды [14].

Байқап отырғанымыздай, Қытайдың бейбіт даму жолын таңдауы ұзақ мерзімді, стратегиялық және тарихи маңызы бар. Қытай бұл бейбіт жолмен даму бағытының барлық халықтар үшін бірден-бір мүмкін және бірден-бір дұрыс жол екенін бүкіл әлемге танытты. Бұл бағыт Қытайдың ұстанып отырған саясаты мен дипломатиясының негізінде жатыр. Халықаралық жағдайдың қаншалықты өзгеруіне қарамастан, Қытай әрқашан бүкіл әлемдегі бейбітшілік саясатын ұстанатын болады. Дей тұрғанмен, Қытай әрқашан өзінің ұлттық егемендігін, қауіпсіздігін, ішкі экономикалық және мемлекеттік дамуының мүдделерін берік қорғай отырып, тәуелсіз сыртқы саясат жүргізіп, «Бес бейбіт қатар өмір сүру принциптері» негізінде басқа мемлекеттермен ортақ гүлденуге әкелетін үйлесімді жаһандық қауымдастықты құру мақсатында өзара жемісті ынтымақтастыққа бағытталған бағытты ұстанады [15].

### *Қорытынды*

Қорытындылай келе, әскери күш – ХХІ ғасыр жағдайында да саясаттың айрықша маңызды құралы болып қала беретіндігін атап өтеміз. Сунь Цзы заманынан бергі екі жарым мың жыл ішінде әскери күш қолданудың формалары мен әдістері сан рет өзгерді, әскери істерде бірнеше мәрте үлкен өзгерістер орын алды. Бірақ оның трактаттары мен басқа да қытайлық әскери ойшылдар мен қолбасшылардың трактаттарының көптеген ережелері қазіргі жағдайда өз маңызын сақтаған, өйткені олар адам табиғатын терең түсінуге және соғысқа және әскери күш қолданумен байланысты басқа да төтенше жағдайларға тән адамдар арасындағы қарым-қатынасқа негізделген. Бірқатар жағдайларда Сунь Цзы өзінің ой-толғауларында әскери мәселелер шеңберінен шығып, саяси-әскери және жалпы философиялық деңгейге көтеріледі. Шын мәнінде, бұл көне трактатты саясаттану немесе соғыс пен бейбітшілікті талдайтын әлеуметтану бойынша еңбек десе де болады.

Сунь Цзы трактаты мен оған берілген әртүрлі авторлардың (әсіресе шетелдік) түсіндірмелері қытайтанушылар, шығыстанушылар ғана емес, әлдеқайда кең аудиторияның назарында болуы тиіс екені даусыз.

### *Әдебиеттер тізімі:*

1. 吴如嵩. 《孙子兵法》的军事思想及现代价值. – Retrieved from: [https://www.gmw.cn/01gmr/2007-03/22/content\\_](https://www.gmw.cn/01gmr/2007-03/22/content_) (Accessed: 9. 10. 2022).
2. Кузнецов В.А. Начало военно-философской мысли в Древнем Китае. Вестник Челябинского государственного университета. 2013. – № 33 (324). Философия. Социология. Культурология. Вып. 30. – С. 129-134.
3. Moazzam M. How Sun Tzu theory about war and strategy is applicable in contemporary warfare today – Retrieved from: <https://moderndiplomacy.eu/2022/08/22/how->



sun-tzu (Accessed: 11.10.2022).

4. Толмачев А.В. Наследие древнекитайского учения Сунь-Цзы и его применение в современном управлении. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://pikabu.ru/story/nasledie\\_drevnekitayskogo\\_ucheniya\\_suntszyi\\_i\\_ego\\_primenenie\\_v\\_sovremennom\\_upravlenii\\_chast\\_12\\_8125992](https://pikabu.ru/story/nasledie_drevnekitayskogo_ucheniya_suntszyi_i_ego_primenenie_v_sovremennom_upravlenii_chast_12_8125992) (дата обращения: 15.10.2022).
5. 孙子兵法》与现代社会竞争. – Retrieved from: <https://m.aisixiang.com/data/105269.html/> (Accessed:15.10.2022).
6. Кокошин А.А. О наследии Сунь Цзы. «Социологические исследования». – № 11. 2016. – 7 с.
7. James P. Micciche. The art of non-war: Sun Tzu and great power competition. – Retrieved from: <https://warroom.armywarcollege.edu/articles/non-war/> (Accessed: 15.10. 2022).
8. Н.И. Конрад. Сунь-цзы. Трактат о военном искусстве: – М.: Наука, 1950. – 47 с.
9. Долгов К. Стратегия войны и мировой политики. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://interaffairs.ru/jauthor/material/1324> (дата обращения: 16.10.2022).
10. Fumio Ota. Sun Tzu in Contemporary Chinese Strategy. – Retrieved from: <https://ndupress.ndu.edu/Publications/Article/577507/chinese-strategy/> (Accessed: 15.10.2022).
11. Rappai M.V. Changes in Chinese Military Doctrine and Their Implications. Strategic Analysis: A Monthly Journal of the IDSA. – Retrieved from: [https://ciaotest.cc.columbia.edu/olj/sa/sa\\_99ram02.html](https://ciaotest.cc.columbia.edu/olj/sa/sa_99ram02.html) (Accessed 15.10.2022).
12. Tanishk Saxena. Decoding the usage of Sun Tzu tactics in Contemporary Geopolitics. – Retrieved from: <https://orcasia.org/2022/05/sun-tzu-geopolitics/> (Accessed: 15.10.2022).
13. 洪兵. 孙子兵法的现代应用. – Retrieved from: <http://mil.news.sina.com.cn/2004-11-02/1158239348.html> (Accessed:15.10.2022).
14. Си Цзиньпин. Доклад на 19-ом съезде КПК Китая. Пекин. 18 октября 2017 // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/4656537> (дата обращения: 25.12.2022).
15. 贾庆林. 把握《孙子兵法》精髓 促进世界和平发展. – Retrieved from: <http://sanfrancisco.china-consulate.gov.cn/chn/zhuanti/> (Accessed:27.12.2022).

Мадиев Д.А., Арзыкулов А.А.

### **Наследие Сунь-Цзы и значение «Искусства войны» для сферы безопасности современного Китая**

Трактат «Искусство войны» китайского мыслителя и полководца Сунь Цзы, жившего в VI веке до н.э. содержащий весьма действенные советы для военного руководства, представляет собой сборник самых передовых мыслей по ведению военных действий, занимает особое место в современной мировой культуре. В представленной статье оценивается историческое значение учения Сунь Цзы, анализируются возможности использования выводов, сделанных ученым мыслителем в современных военных действиях, обеспечении безопасности государства, процессе коммуникации в обществе.

*Ключевые слова:* военное искусство, тактика, стратегия, достижение своей «выгоды» в войне, военное руководство, требования к полководцу.

D.A. Madiev, A.A. Arzykulov

### **The legacy of Sun Tzu and the significance of the «Art of War» for the security sphere of modern China**

The treatise «The Art of War» by the Chinese thinker and commander Sun Tzu, who lived in the 6th century BC. containing very actionable advice for military leadership, is a collection of



the most advanced thoughts on the conduct of military operations, occupies a special place in modern world culture. The presented article assesses the historical significance of Sun Tzu's teachings, analyzes the possibilities of using the conclusions made by the scientific thinker in modern military operations, ensuring the security of the state, and the process of communication in society.

*Key words:* art of war, tactics, strategy, achievement of one's «profit» in war, military leadership, requirements for a commander.

#### References:

1. 吴如嵩. 《孙子兵法》的军事思想及现代价值. *Iskusstvo voyny Sun'-Tszy*. [Sun Tzu. The Art of War]. – Retrieved from: [https://www.gmw.cn/01gmr/2007-03/22/content\\_](https://www.gmw.cn/01gmr/2007-03/22/content_) (Accessed: 9. 10. 2022).
2. Kuznetsov, V.A. (2013). Nachalo voyenno-filosofskogo myshleniya v drevnem Kitaye. *Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta* [The beginning of military philosophical thought in Ancient China]. – № 33 (324). *Filosofiya. Sotsiologiya. Kul'turologiya*. Vyp. 30. P. 129-134.
3. Muskan Moazzam. How Sun Tzu theory about war and strategy is applicable in contemporary warfare today? – Retrieved from: <https://modern diplomacy.eu/2022/08/22/how-sun-tzu-theory-about-war-and-strategy-is-applicable-in-contemporary-warfare-today/> (Accessed: 11.10.2022).
4. Tolmashev, A.B. Наследие древнекитайского учения Сунь-Цзы и его применение в современном управлении. [The legacy of the ancient Chinese teachings of Sun Tzu and its application in modern management]. – Retrieved from: [https://pikabu.ru/story/nasledie-drevnekitayskogo-ucheniya-suntszyi-i-ego-primeneniye-v-sovremennom-upravlenii-chast-12\\_8125992](https://pikabu.ru/story/nasledie-drevnekitayskogo-ucheniya-suntszyi-i-ego-primeneniye-v-sovremennom-upravlenii-chast-12_8125992) (Accessed: 15.10.2022).
5. 子兵法》与现代社会竞争. *Iskusstvo voyny*. [The Art of War]. – Retrieved from: <https://m.aisixiang.com/data/105269.html> (Accessed: 15.10.2022).
6. Kokoshin, A.A. (2016). Naslediye Sun' Tszy/ Sotsiologicheskiye issledovaniya. [About the legacy of Sun Tzu]. – №11. – 47 p.
7. James, P. Micciche. The art of non – war: Sun Tzu and great power competition. – Retrieved from: <https://warroom.armywarcollege.edu/articles/non-war/> (Accessed: 15.10. 2022).
8. Konrad, N.I. (1950). Sun' TSY. Traktat o voyennom iskusstve. [A treatise on the art of war]. M.: Nauka. – 23 p.
9. Dolgov, K. Voyennaya strategiya i mirovaya politika. [Strategy of war and world politics]. – Retrieved from: <https://interaffairs.ru/jauthor/material/1324> (Accessed: 15.10.2022).
10. Fumio, Ota. Sun Tzu in Contemporary Chinese Strategy. – Retrieved from: <https://ndupress.ndu.edu/Publications/Article/577507/sun-tzu-in-contemporary-chinese-strategy/sovremennaya-kitayskaya-strategiya> (Accessed: 15.10.2022).
11. Rappai, M.V. Changes in Chinese Military Doctrine and Their Implications. *Strategic Analysis: A Monthly Journal of the IDSA*. – Retrieved from: [https://ciaotest.cc.columbia.edu/olj/sa/sa\\_99ram02.html](https://ciaotest.cc.columbia.edu/olj/sa/sa_99ram02.html) (Accessed: 15.10.2022).
12. Tanishk Saxena. Decoding the usage of Sun Tzu tactics in Contemporary Geopolitics. – Retrieved from: <https://orcasia.org/2022/05/sun-tzu-geopolitics/> (Accessed: 15.10.2022).
13. 洪兵. 孙子兵法的现代应用. [Sūn Zǐ bīng fǎ]. – Retrieved from: <http://mil.news.sina.com.cn/2004-11-02/1158239348.html> (Accessed: 15.10.2022).
14. Si TSzin'pin. Otchet o XIX Vsekitayskom s"yezde Kommunisticheskoy partii Kitaya. [Xi Jinping. Report at the 19th Congress of the CPC of China]. – Retrieved from: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/4656537> (Accessed: 15.10.2022).
15. 贾庆林. 把握《孙子兵法》精髓 促进世界和平发展. *Iskusstvo voyny*. [The Art of War]. – Retrieved from: <http://sanfrancisco.china-consulate.gov.cn/chn/zhuanti/>



(Accessed:27.12.2022).

Мадиев Данияр Арипбаевич	PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қытайтану кафедрасы доцентінің м.а., Алматы, Қазақстан
Мадиев Данияр Арипбаевич	PhD, и.о. доцента кафедры китаеведения Казахского национального университета им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Madiev Danyar	PhD, acting associate professor of the Department of Chinese Studies at the Kazakh national university al-Farabi, Almaty, Kazakhstan
Арзыкулов Аманжан Азкенович	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қытайтану кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан
Арзыкулов Аманжан Азкенович	старший преподаватель кафедры китаеведения Казахского национального университета им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Arzykulov Amanzhan	senior lecturer of Chinese studies Department of al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan